

*Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа  
ұшқанына – 20 жыл*

# Ғарышта қазақтың да жұлдызы жанды

Ғарыш әлемі қашан да құпия, қашан да жұмбақ. Адамзат жаралғалы оның сырын білсем деген арман жетегінде келеді. Бірақ қашықтығы жыл саналатын аспан денелеріне сапарлап шығу ой-қиялдың өзіне мүмкін еместей көрінген еді. Дегенмен, адам баласы дегеніне жетті. XX ғасырдың 61-ші жылы ең бірінші рет қазақ даласынан адам айға ұшты. Ғылыми прогрестің қарқынды дамығаны осы емес пе, содан бергі 50 жылдың ішінде Байқоңыр айлағынан 2000-дай ракета ұшырылған.

Отыз жылдан бері бұл космодромнан ғарышқа кімдер қанат қақпады дейсіз? Бала кезімізде Гагарин, Титов, Комаров, Шаталов сияқты ғарышкерлердің есімін жаттап өстік. Олардың суреті газет-журналдардың бетінен түспейтін.

Бергін келе ғарышқа ұшып жатқан азаматтардың атынан жаңыла бастадық. Бұрынғыдай таңдай қағып, тамсану да күрт кеміді. Гагарин жерді 108 минут қана айналып ұшса, қазіргі ғарышкерлеріміз бір сапарында бес-алты ай бойы жүре беретін болды. Бірақ кеудемізде өзек жарған бір өкініш бар еді.

Осыдан 20 жыл бұрын 2 қазан күні Байқоңырдан жеті қат көкті қақ айырып, ісі мұсылман баласынан, түбі бір түркі жұртынан қазақтың қайсар ұлы Тоқтар Әубәкіров тұңғыш рет ғарышқа жол тартқан болатын. Көзімізді жас шылаған, көңіліміздегі қуаныш кернеп, бүкіл қазақ бөркін аспанға атқан шаттық күні еді ол. Жер тартылысын жеңіп, шырқау көкке, тылсым тұңғышқа Тоқтар ағамыз осылай жол салған.

1991 жылдың қазан айы қазақ елінің Рух болмысының жаңа ғасыры, жұлдызды сәті болғандығы мәлім. Кішісінде махаббат, кәрісінде - мархабат қағидасымен замана жүгін арқалап келе жатқан қарапайым да ұлы елдің мәйегінде ұлы сілкініс басталды. Көптен ұмыт болған бірегей батырлық, бірегей данағөй, бірегей озық болмыс-тіршілігіміздің мүлгіп кеткен санасында от жанды. Сол жылы Қазақстанда туған барлық ел балаларының 70-80 пайызы Тоқтар есімін иемденді, иемденіп қана қойған жоқ естенді, болашақ дүниенің өркениеттер пұшпағында қазақтың да қара ұлының бағы жанатындығына кәміл сенді, халқымыздың бойында иманды мүмкіндіктердің үкісі желбіреді. Жасық болмай, қайсар болатын, әлемдік озық оймен көз көрмеген, құлақ естімеген игілік істерде алда болатын ұрпақтардың Рухы бой көтерді. Осындай ұлы тұлғаның ерлік жолы мен өмірін дәріптеуде 9-сынып оқушысы Ақберген Мадияр «Жас зерттеушілердің шағын ғылыми академиясының XXXX ғылыми-практикалық конференциясына», «Ғарышта қазақтың да жұлдызы жанды» тақырыбындағы ғылыми жобасымен қатысқан болатын. Ғылыми жобада ғарыш мәселесі оны зерделеп зерттеу сол арқылы ел экономикасына, халық шаруашылығына, ғылымға құнды пайда келтіру, ғарыш ілімін дамыту - қазіргі күннің талабы екенін түсіндіре келіп жұмысында ғылымилық және тәрбиелік мақсатты көздеп ғарышты зерттеу ондағы адамзатқа қажет игіліктерді пайдалану жолдарын қарастырған. Жер бетінде қазақ атты ұлттың, халықтың бар екендігін күллі әлемге паш етіп, ғарышта қазақтың жұлдызын жаққан тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкірұлы Оңғарбаевтың Отан сүйгіштік, елжандылық, батырлық, патриоттық, ержүректілік, еңбексүйгіштік қасиеттерін үлгі етіп, еліміздің дамуына өз үлесін қосқан.

Бүгінде шын мәнінде ғарыштық державаға айналған елдер саусақпен санаулы-ақ. Оның қатарында Қазақстанның болуы мен үшін үлкен мақтаныш, әрі бақыт. Естеріңізде ме, Тоқтар батырдың ғарыштан ұшып келгеннен кейінгі сұхбаттарының бірінде: «Мен ғарышқа жай барып келсем де халықтың құрметінен кенде болмас едім, бірақ егер ұшар болсам, қазақстандық мықты бағдарламалармен ұшамын!» деп айтқан сөзі бар еді. Өйткені ол елдің экономикалық және әлеуметтік маңыздылығын қыруар шаруасын шешіп тастауға мүмкіндік берді.

Қазақстан ғарышын зерттеудегі Тоқтарға арналған бұл ғылыми жобада табиғат ресурстарын мониторингілеу, биотехнология, жаңа өсімдіктер өсіру, дәнді дақылдардың жаңа сорттарын табу, технология ғарыштық материалтану, медициналық эксперименттер, астрогеофизикалық эксперименттер қарастырылған.

1-ші класты сынақшы-ұшқыш Кеңес Одағының Батыры деген мәртебелі атаққа ие болып кеудесіне Алтын Жұлдыз тақты. Тоқтар Әубәкірұлы Қазақтың Азаттық туралы арманының орындалуымен тұспа-тұс 1991 жылдың 2-10 қазаны аралығында Қазақстандық бағдарлама бойынша 7 тәулік, 22 сағат, 12 минут, 40 секунд ғарыш кеңістігінде болып, ғарышта қазақтың жұлдызын жақты. Тоқтар Әубәкіров тұңғыш қазақ ғарышкері атанды. Ғарышкер ағалардың ісі бізге үлгі өнеге мақтаныш болуы керек.

«Қой бағудан басқаны білмейді», деген қазақтың, аз уақытта ғарыштық кеңістікке ғаламат құштарлықпен қадам жасауға ұмтылуы ұлтымызды жаңа бір сапалық биікке көтерері сөзсіз.

Ғарыш әлемін зерттеп жұлдыздар мекенін игеру мақсатында болашақ қырандардың бүгінгі мектеп партасындағы шәкірттерден шығуы қазақ ғарышкерлерінің көбеюіне жол ашатындығына сенімдімін.

*Күләйім Ахметова,  
№8орта мектебінің  
физика пәні мұалімі.*